

ДЕФИНИЦИЯ МЕТАМӘТІНІНІҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Досмаилова Айгүл Нүркешқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің ғылыми қызметкері, ф.ғ.к
aigul.dosmailova@bk.ru

Алтайбекова Қанағат Тұрсынбайқызы

Ө.А. Байқоңыров атындағы
Жезқазған университетінің доценті, ф.ғ.к
Kazyaz2013@mail.ru

Ғылым тілі дәлдікті, айқындықты талап етеді және ғылым тілінің өзінің грамматикалық ерекшеліктері болады. Ғылыми стильде тілді үнемдеп қолдану заңдылығына сәйкес сөздің ең қысқа формалары қолданылады. Ғылым ұғымдар туралы түсінік береді, абстрактілі пайымдауларды көрсетеді, сондықтан да ғылым тілі кейбір қарапайым дәлдіктен алыс жатады. Көптеген ғылыми еңбектерде ғылыми мәтіннің ұғымдық-логикалық жағы оның ең маңызды белгілерінің бірі екендігі айтылады, бұдан ғылыми тілде логикалық ойлау жүйелілігін көрсететін байланыстырушы құралдарды қарастырудың маңызы зор екенін көреміз. Белгілі бір саланың термин дефинициясын беруде метамәтін авторы грамматикалық өзгеріс енгізеді, мұндай өзгерістер метамәтіндегі түсіндірілетін тілдік фактілер туралы білім алуға көмектеседі, әрі сөздер мен сөйлемдер арасындағы логикалық байланысты өрбітуге қызмет етеді. Метамәтінде бұл процесс термин мен оның дефинициясының арасын байланыстырушы, белгілі бір мағыналық салмақ қосатын *есімдік, етістік, шылаулар және қыстырма сөздер, термин мен дефинициясы арасында қойылатын сызықша* арқылы көрініс табады.

Термин дефинициясының метамәтінде есімдік бір сөйлемде термин қайталанбайтын жағдайда терминнің орнына жұмсалады. Метамәтінде сілтеу есімдіктері терминді даралап бөліп алып, соған ерекше көңіл аудару мақсатында қолданылады. Дефиниция метамәтінде *деген, дегеніміз, деп айтамыз, деп ұғамыз, деп отырғанымыз* көмекші етістіктері кездеседі. Етістік - сөз таптарының ішіндегі ең күрделі категория екені белгілі. А. Әбілқаев *де* етістігінің мағынасы туралы былай дейді: «*Де*-нің дербес тұрғандағы мағынасы айту болса, сөйлемде қолданылуына қарай әртүрлі мағыналық құбылуларға ұшырайды. Өзінен бұрынғы сөйлемнің айтылу мақсатына байланысты, айт, сұра деген етістіктердің мағыналарына қосымша ие болып тұрса, сол сөйлемдер адамның ойлағаны, ойлау, жобалау, есепте, долбарла деген сөздердің мағыналарына да қосымша ие болып тұрады. Демек, бұл сияқты мағыналар *де*-нің қолдану ретіне байланысты пайда

болады» [1, 23 б.]. Дефиниция метамәтінінде *де* көмекші етістігінің *дегеніміз* тұлғасындағы түрі күрделі бастауыш құрамында жиі қолданылады. Мысалы, «*Әлем бейнесіндегі уақыт пен кеңістік жүйесіндегі ерекше көрініс беретін өлшем бірліктері дегеніміз – белгілі бір нәрсені бір тектес басқа бір нәрседен айыра, салыстыра айқындайтын бірлік*» (Күркебаев К.Қ. Қазақ тіліндегі өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты. – Алматы, 2003. автореф. 7 б.). Бастауыш сөйлемдегі терминге акцент түсіреді де, тыңдаушыға бұдан тыс III жақ субъектіге – жалпыға ортақ күй екенін де білдіреді. *Дегеніміз* – терминнің I жақ тұрғысынан айтылғанын емес, ешбір жаққа тәуелді болмай, ортақ жақтық қасиет болғанын көрсетіп тұр, демек, тұлға жағынан I жақ көпше түрінде тұрса да, жақтық мағынасы дәл сол жақтың аясында қалып қоймаған. Екінші жағынан, *дегеніміз* - өзінің бастапқы мәнін сақтамаған, тек өзінен бұрын тұрған терминге жалпылық мағына үстеген. *Дегеніміздің* өзіндік мағынасы әлсіреген, оны алып тастағанмен сол сөйлемнің мағыналық мазмұны өзгермейді«Деп формасының функциясы да аса көп және тіпті күрделі. Ең алдымен, бұл форма хабарланылмақшы ойға қатысты сөзді я сөздерді түгелімен ертіп алып, айтылмақшы я аталмақшы амал-әрекеттің (көбінесе, әрине, баяндауыштың) мақсаты, ниеті, сылтауы, себебі, салдары, нұсқауы сияқтандырып көрсету үшін қолданылады» [2, 485 б.]. Ғылыми стильде етістіктер көбіне байланыстырушы қызмет атқарады, мысалы, болып табылады, аталады, жасалады деп қорытындыланады. Термин дефинициясында сөйлемдерді тиянақтайтын баяндауыш формасы етістіктің ауыспалы келер шақ формасында жиі қолданылады. Дефиниция метамәтінінде етістіктер ғылыми ойлар мен ғылыми зерттеулерді түйіндеп, қорытындылап отырады.

Ғылыми мәтіндерде дефиниция метамәтінінің құрылымдық негізінен **көмекші сөздерді** кездестіреміз. Дефиниция метамәтінінде автор терминді пайдалана отырып белгілі бір мәлімет береді, содан кейін ол терминге анықтама береді, шылау сөздерді пайдалана отырып сол мәтінге қажетті мәліметті толықтыра түседі. Мысалы, «*Ғаламдық бейне адамның өзі тәрізді өте көнеден келе жатқан түсінік. Яғни адам баласының дүние, ғалам туралы түсініктерді құрастыра бастауы, ғалам бейнесін жасауы уақыт жағынан антропогенездік процеспен сәйкес келеді*». (Ақбердиева Б.Қ. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар. – Алматы, 2000. автореф. 22 б.) Берілген мысалда автор көбірек мәлімет беру сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра байланыстыратын жалғаулық шылауды қолданып отыр. Қорыта айтқанда, шылаулар сөйлемді логикалық жағынан байланыстыру мақсатын көздейді.

Термин дефинициясына акцент түсіру үшін **сонымен, ең алдыменнақты айтқанда, басқаша айтсақ сияқты қыстырма сөздер де қолданылады**. Орыс тіл білімінде М.Н.Кожина қыстырма сөздерді айтылым бөлшектерінің өзара байланысы мен логикасын көрсетуде ғылыми стильді басқа стиль түрлерінен ажырататын категориялардың бірі ретінде түсіндіреді. Оның деректері бойынша, ғылыми мәтінде қыстырма сөздердің

қолданылуы мөлшер жағынан көркем мәтіннен 3,5, іс қағаздар мәтіндерінен 13 есе артық [4, 326-327 бб.]. Қыстырма сөздердің ғылыми мәтінде қолданылуын қарастырған С.Қ.Әлісжанов қыстырма сөздерді ғылыми мәтінде логикалық бөлу (бір мәселеге ерекше назар аудару) конструкциялары деп көрсетеді және былай түйіндейді: «... олар ғылыми ақпараттың шынайылығына, ақиқаттылығына, жинақылығына, логикалығына, қосымша түсініктермен толығуына және автордың көзқарасын, бағасын танытуға дәнекерлік қызметте жұмсалып, сол арқылы жеке сөйлемдер мен абзацтар арасындағы логикалық байланысты нығайтып, ғылыми мәтіннің тіл оралымдылығын икемді, түсінікті қалыпқа енгізіп, оны (мәтінді) қабылдаушы мен жөнелтуші арасындағы коммуникативтілікті ұтымды етеді» [5, 215 б.]. Мысалы: *Прагматикалық компонентті етістіктер – коннотациялық (қосымша мағыналылық) жағынан экспрессия, эмоция, баға сияқты стильдік бояуы бар етістіктерді ұғамыз. Басқаша айтсақ, прагматикалық компонентті етістіктер дегеніміз – тілдік бірліктерді (етістіктерді) сөйлеушінің мақсатына сай, ықпал ету, әсер ету тұрғысынан қолданылған, яғни сөйлеушінің сезімін (жақсы көру, жек көру, ұнату, ұнатпау т.б.) көзқарастарын, хабарлап отырған нәрсенің мазмұнына, шындыққа қатынасын білдіретін етістіктер* (Ақылбекова Г.К. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде етістіктердің берілуі (Кодификациялануы). – Алматы, 2003.автореф. 29 б.).

Сондай-ақ, ғылыми мәтінде термин дефинициясынан кейін сызықша қойылады. Терминнен кейін графикалық белгі сызықшаның қойылуын нөлдік байланыс, яғни ғылыми мәтіндердегі термин мен оның дефинициясының берілуінің дәстүрлі формасы деп көрсетуге болады, себебі, авторефераттарда дефиниция метамәтінін беруде бұл ең көп қолданылатын форма, бұл сөйлемде термин алдыменен беріліп дефинициясы кейін ашылады. Бұл көбіне дефиницияның дәстүрлі берілу жолы. Мысалы, «*Қазақ ұлттық мәдениетінің бір бөлшегі ретінде киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын ашудағы негізгі уәжділіктің бірі – этномәдениетанымдық уәжділік*» (Ә.Б. Алмауытова. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. – Алматы, 2004. автореф. 19 б.) терминнің дефинициясы алдымен анықтала келіп, **термин постпозицияда** келеді.

Дефиниция метамәтінінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауда белгілі бір критерийді басшылыққа алып, оның негізінде жалпы метамәтін құрылымын сипаттау мүмкін емес. Кез келген дефиницияның метамәтіні бірнеше критерийлердің кешенді түрде қарастырылуын қажет етеді. Мұндай талаптар ғылыми дефиницияның, дефинитивтілік ұғымының логикалық ережелерінен туындайды. Ғылыми әдебиеттерде олардың мынадай түрлері көрсетіледі:

1. Лексика-семантикалық: нысан ретінде белгілі бір терминологиялықжүйеге жататын кәсіби ұғым, номенклатуралық термин, ғылыми ұғым алынады. Мұндай жағдайда аталмыш ұғымның нақты бір идеографиялық үлгідегі орнын айқындау арқылы дефиницияның

коммуникативтік ұстанымын, бағытын оңай анықтауға болады. Сөйлемнің «оң» жағының басты компоненті анықталушы ұғымның өзі тектес ұғымдарға қатысты жалпы немесе жеке қатынасын белгілеуі қажет;

2. Семантика-синтаксистік: дефиницияны құрастырушы сөйлемнің семантикалық түрі «оң» және «сол» жақтың, яғни субъект пен предикативтік бөлімнің тепе-теңдігін көрсетуі тиіс;

3. Логика-синтаксистік: мұндай дефиницияларда предикатқа белгілі бірталаптар қойылуымен сипатталады. Яғни, логикалық құрылымы дара предикативтік немесе көп предикативтік болуы қажет. Алайда олардың әрқайсысы кем дегенде екі логикалық операциядан тұруы міндетті – сипаттау және идентификациялау;

4. Прагматикалық: дефиниция белгісіз білімді белгілі білім арқылы анықтап, белгілі бір үлгі негізінде жасалуы қажет. Яғни әрбір жаңа ұғым терминологиялық өріс құрылымындағы анықталушы мен белгілі бір қатынаста болатын түсінікті ұғымдар арқылы анықталады.

Сонымен, егер дефиниция синтаксис бірлігі болатын болса, онда нысанның негізгі маңызын сөйлем құрылымынан іздеу қажет. Ал егерде нысан мәтін қасиеттеріне ие болып, мәтіндік деңгейде көрініс тапса, нысанның негізгі қасиеттерін коммуникативтік мақсат пен прагматикалық параметрлерден қарастыру керек. Әрине дефиницияға ең алдымен мәтіндік сипат тән болып келеді.

Сөйлемнің логика-семантикалық түрі де, оның құрылымы да дефиницияның синтаксистік маңыздылығын айқындай алмайды, өйткені дефиницияның өзі мәтіндік бірлік ретінде жеке микромәтін немесе оның бір фрагменті болып табылады. Осыған орай дефиниция мәтін – анықтамалардың бір түрі ретінде кез келген мәтінге тән стилистикаға қатыстылық, байланыстылық, тұтастық және аяқталғандық сияқты қасиеттерге ие бола алады. Сондықтан да дефиниция түрлеріндегі айырмашылықтарды олардың мәтіндік қасиеттері негізінде анықтауға болады.

Дефиниция сипаттамалы мәтіннің ерекше түрі ретінде белгілі бір өзіне ғана тән құрылымға ие болады. Ол өзін қоршаған мәнмәтінмен тығыз байланыста болады, бірақ семантика тұрғыдан аяқталған және коммуникативтік біртұтастықпен сипатталады. Дефиниция ғылыми жанрлардың белгілі бір түрінде маңызды рөл атқарады. Мәселен, анықтамалық және энциклопедиялық сөздіктерде, оқу әдебиеттерінде, концептуалдық түрдегі ғылыми мақалаларда. Мәтін құрылымындағы дефиницияның орны әрқашанда белгілі болады: егер ол мәтіннің басында келетін болса, одан кейін міндетті түрде кең таратылған сипаттама орын алады. Алайда ол таратылған сипаттамадан да кейін келуі мүмкін. Бұл ретте ол айтылғанды тұжырымдап қорытындылайды. Осыдан дефиницияның маңызды қасиеттерінің бірі туындайды: мәтінде байланыстырушы қызметті жүзеге асыруы арқылы бірнеше композициялық сөйлеу формаларын біртұтас құрылымға біріктіреді.

Дефинициялар мен анықтамалар бірнеше тәуелді пропозициялардан тұрады. Дефиниция метамәтінің мән-мағыналық күрделілігі предикативтік бірліктердің ықшамдалуымен айқындалады. Себебі, коммуникативтік біртұтастылық шарты жеке пропозициялардың тәуелді предикаттарға ықшамдалуын қажет етеді. Осымен байланысты дефинициялар мен анықтамаларда синтаксистік байланыстың негізгі тәсілдері ретінде лексикалық, семантикалық, синтаксистік қайталанымдар мен инверсияны қарастыруға болады. Олар арқылы мәтіннің белгілі бір үзінділері ерекшеленеді. Ал дефиницияның синтаксистік ұйымдастырылуының басты тәсілі синтаксистік ықшамдау болып табылады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей аса күрделі мәтіндік бірліктердің үзінділері болып табылатын дефиницияларды мәнмәтіндік деп атаймыз, ал мәтіндегі оң жағы мен сол жағының толық тепе-теңдік қатынасы орнатылған дефиницияларды синтаксистік деп қабылдаймыз. Синтаксистік және мәнмәтіндік дефинициялардың басты айырмашылығы олардың логика-семантикалық құрылым ерекшеліктерінде болып табылады. Алайда мұндай дефинициялардың синтаксистік құрылымдарында айтарлықтай айырмашылықтар болмайды. Сонымен, мәнмәтіндік дефинициялардың синтаксистік табиғаты толыққанды анықтамалар сипатына сәйкес келмейді. Олардың негізгі қызметі терминнің ұғымдық мазмұнын оның жүйедегі орнын көрсетпей-ақ қалыптастыру. Сондықтан да мұндай дефинициялар метамәтін шеңберінде ғана орын алынады.

Қорыта айтқанда, ғылыми метамәтіндердегі термин мен оның дефинициясының арасын байланыстырушылардың белгілі бір мағыналық салмақ қосатын *есімдік, етістіктер, дефиниция метамәтінінде қойылатын сызықша* байланыстырушы немесе логикалық оператор ретінде қолданылады. Олардың басты қызметі – метамәтін құрылымын дұрыс құру. Дефиниция метамәтінінде логикалық ойлаудың жүйелілігін көрсетіп, қосымша түсініктермен толығыуына қызмет етіп, сол арқылы термин мен дефинициясы арасындағы логикалық байланысты нығайтып, метамәтінді жеткізуде, автордың көзқарасын білдіруде үлкен рөл атқарады. Сондықтан дефиниция метамәтінің құрылымдық-мағыналық құралдары мен қызметін түсіндіру, зерттеу, талдау – тіл біліміндегі қажетті мәселелерді бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқажев А. Де етістігінің мағыналары мен қызметі. – Алматы, 1958. – 68 б.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. – Астана, 2002 ж. – 485 б.
3. Саденова А. «Де етістігінің синтаксистік тұлғаларды қалыптастыруға қатысуы: Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2002. – 126 б.
4. Кожина М.Н. О речевой системности научного стиля сравнительного с некоторыми другими. – Перм, 1972. – 148 с.
5. Жакупов Ж.А. Қазақ тілінің функциональдық синтаксисі (контекст проблемасы). – Алматы, 1999. – 214 б.

6. Әлісжанов С.Қ. Ғылыми мәтіндегі қолданылатын қыстырма және қыстырынды конструкциялар//Еуразия университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Астана, 2000. – №1. – 39-45 бб.